ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫМЕН
(қысқаша)

2024 жыл 24 қазан №5501-24-00-2/3143 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Ищанов, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Облыстық балаларды оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Береке» Гулзада Рысбаевна Рыскулова жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 109, 223-226, 267-2 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Облыстық балаларды оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Береке» Гулзада Рысбаевна Рыскулова жеке кәсіпкер жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Береке» Гулзада Рысбаевна Рыскулова жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Береке» Гулзада Рысбаевна Рыскулова 2 380 (екі мың үш жүз сексен) теңге мемлекеттік баж төлеуге кеткен шығыстар мемлекет кірісіне өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімнің күшін жою туралы өтініш осы баптың екінші бөлігінде көзделген талаптар ескеріле отырып, осы Кодекстің 21-тарауында белгіленген ережелер бойынша қаралады.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ищанов А.Т.**

Көшірме дұрыс

Судья **Ищанов А.Т.**

Анықтама: шешім 2024 жылдың «05» желтоқсанда заңды күшіне енді.

Судья **Ищанов А.Т.**

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 24.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.12.2024, судья Ищанов А. Т., 10.12.2024

5501-24-3-1/3412